

ӘОЖ 341.16

А.Ш. Әмірбекова

Қазақ ұлттық университеті, заң факультеті, PhD докторант, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: amir.alua@gmail.com

Дүниежүзілік сауда ұйымына Кеден одағының мүшелікке өту мәселесі туралы

Кеден территорияларының Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылуының құқықтық негіздері мен нақты тәжірибелерін зерделей келе, мақалада Кеден одағының ұйымға кіру мәселесі зерттеледі.

Түйін сөздер: Дүниежүзілік сауда ұйымы, ГАТТ, Кеден одағы, кеден территориясы, қосылу.

А.Ш. Амирбекова

О проблеме присоединения Таможенного союза во Всемирную торговую организацию

В статье рассматриваются правовые основы и практики присоединения таможенных территорий во Всемирную торговую организацию и анализируется проблема присоединения Таможенного союза в организацию.

Ключевые слова: Всемирная торговая организация, ГАТТ, Таможенный союз, таможенная территория, присоединение.

A.Sh. Amirbekova

On the problem of accession of the Customs Union to the World Trade Organization

The paper examines legal basis and practices of accession of customs territories to the World Trade Organization and analyzes the problem of accession of the Customs Union to the organization.

Keywords: World Trade Organization, GATT, Customs union, customs territory, accession.

Әлемдік жаһандану мен аймақтандыру қазіргі таңда дүниежүзілік экономикаға ілгерілетушілік ықпал етуші үрдістердің бірі екені даусыз. Олай болса, аймақтық деңгейде интеграция бірқатар аймақтық ұйымдар аясындағы даму үдерісімен тамырлас, жаһандық деңгейде халықаралық экономикалық қатынастарды ырықтандыруға бағытталған көпжақты мемлекеттік реттеу желісімен тоғысып жатыр. Жаһандық деңгейдегі халықаралық экономикалық ұйымдар санатына Дүниежүзілік банк (ДБ), Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ), БҰҰ-ның Сауда және даму жөніндегі конференциясы (ЮНКТАД) ұйымдары еңсе, сондай-ақ Еуропалық одақ (ЕО), Солтүстік америкалық Еркін сауда жөніндегі келісім (НАФТА), Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің қауымдастығы (АСЕАН) және басқа да одақтар интеграциялық типтегі экономикалық одақтар қатарын түзеді. Сонымен қатар бұл шоғырлы топты жаңадан

құрылған интеграциялық одақ – Ресей, Беларусь, Қазақстан арасындағы Кеден одағы (КО) толықтыра түседі.

Аталған одақтың құрылғанына аз ғана, яғни үш жылдан астам уақыт өтті. Ресей, Беларусь, Қазақстан елдері кіретін КО-ға Қырғыз елі мен Армения кандидат мемлекеттер санатында. Сонымен қатар КО мен Еуразиялық экономикалық комиссия Вьетнам, Жаңа Зеландия, Израиль қатарлы елдермен еркін сауда келісімін жасау мүмкіндігі туралы кеңестер мен келіссөздер жүргізуге қол жеткізді. КО алғашқы кезеңде едәуір қиыншылықтарды бастан өткерді. Бастапқыда КО ережелерінің ДСҰ ережелеріне қарама-қайшы, яғни қарама-қарсы сипат алуы қиындықтардың туындауына септігін тигізген еді. 2009 жылдың шілде айында РФ премьер-министрі В.Путин Ресей, Беларусь және Қазақстан мемлекеттерімен бірлескен Кеден одағын құру жайлы шешімі мен Ресей ДСҰ-ға

КО құрамында кіретіндігі жайындағы хабарлама алғашқы келеңсіздіктің тууына түрткі болды. Мәлімделген жағдай заңды және процедуралық тұрғыдан ДСҰ ережелеріне сай келмегендіктен де келіссөз барысындағы серіктестері мен эксперттерге соншалық тосын я айрықша оқиға болып көрінді. Өйткені ДСҰ ережелерінде КО құрамында ДСҰ-ға кіру мүмкіндігі толық қарастырылмаған және бұрын-соңды Кеден одағының кіру прецеденті болмаған еді.

Жалпы ДСҰ ережелерінің күрделілігі соншалық, тіпті, оны толығымен түсіну мүмкін болмады. Ал соның нәтижесінде көптеген күрмеуі көп мәселелер толассыз туындап жатты. Сондықтан бұл мақаланың басты мақсаты – ДСҰ-ға қосылудың заңды негіздері мен нақты тәжірибелерді зерделей келе, КО құрамында ДСҰ-ға кіру мүмкіндігінің неғұрлым құқықтық негіздерін жан-жақты қарастыру болып табылады.

Кеден одағы

Бәсекеге қабілетті интеграциялық одақ құру жолында Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) елдерінің ынтымақтастық тарихы әріден басталады. КСРО ыдырағаннан кейін экономикалық және әлеуметтік-саяси мәселелердің ушыға түсуі бұрынғы одақтас мемлекеттердің шаруашылық қатынастарын қайта қалпына келтіру жолдарын түбегейлі шешуге итермеледі. Осы мақсатта 1991 жылы ТМД, 1993 жылы Экономикалық одақ (ТМД елдері), 1994 жылы Орталық Азиялық Одағы, 1995 жылы Кедендік одақ (Ресей, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан), 1997 жылы ГУУАМ (Грузия, Өзбекстан, Украина, Әзірбайжан, Молдавия) құрылған болатын. Алайда аталған ұйымдардың тұжырымдамалары сол кездегі экономикалық және саяси үрдіске қарама-қайшы келуі бұл құрылымдардың тиімсіз болуына бірден-бір себепкер болды. Қаржылық дағдарыс пен одақтас мемлекеттердің үйлесімді жұмыс істемеуі 1995 жылы құрылған кедендік одақтың сәтсіздікке ұшырауына алып келді. 1998 жылғы қаржылық дағдарыс нәтижесінде мемлекеттер бірыңғай кедендік тарифтерді енгізуді кейінге қалдырып, кедендік одақ қағидаларына қарсы келетін шаралар (импортты шектеу және т.б.) қабылдауға мәжбүр болды. Сонымен қатар Қырғызстанның ДСҰ-ға қосылуы, тарифтердің төмендеуі мен одақтас мемлекеттер аумағына арзан тауарлардың келуі осы мемлекеттердің уақытша қорғаныс шараларын қолдануына тура келді [1, 6 б.].

Кедендік одақтың сәтсіздікке ұшырауына байланысты Ресей, Беларусь, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғыз елі сынды елдердің мемлекет басшылары 2000 жылы кедендік одақты Еуразиялық экономикалық қауымдастық ретінде қайта құру туралы келісімге қол қойды. Келісімнің негізгі мақсаты – кедендік одақ және Бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптастыру үдерісін бастау болатын. 2006 жылы тамыз айында «ЕурАзЭҚ шеңберінде кедендік одақ құру туралы» шешім қабылданып, 2007 жылы қазан айында Душанбеде өткен ЕурАзЭҚ саммитінде «Бірегей кедендік территория мен кедендік одақ құру туралы» келісімге Ресей, Беларусь, Қазақстан мемлекет басшылары қол қойған болатын.

Мемлекеттер арасындағы құрылымдық және басқа да мәселелерге қарамастан қысқа мерзім ішінде уағдаласқан талаптардың орындалуына мүмкіншіліктер беріліп, 2010 жылдан бастап кедендік одақ өз жұмысын бастады. Бүгінде КО-ның нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру мақсатында 83 халықаралық келісім қабылданып, кедендік кодекс өз күшіне енді. КО-ның тыңғылықты жұмыс істеуі, бірыңғай кеден аумағының құрылуы, ең бастысы, бұл іс-әрекеттің аймақтық сауда-экономикалық ынтымақтастығын ынталандыру жолында бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптасуының алғышарттарының жасалуына негіз болды [1, 11 б.]. Бір сөзбен айтқанда, КО-ның дамуы бірыңғай экономикалық кеңістік тәрізді кейінгі интеграциялық қадамдармен тығыз байланысты.

Демек, кедендік одақ – бұрынғы Кеңес одағы кеңістігіндегі аймақтық интеграция. Оның құрамына кіретін мемлекеттердің жалпы аумағы – 20 млн.ш.км, ал халық саны – 169,7 миллионнан астам. Бұдан одақтың әлеуеті мен болашақта аймақтық ірі ұйым болатынына көз жеткізуге болады.

КО өркениетті даму нәтижесінде ғана жаһандық деңгейдегі ДСҰ сияқты халықаралық ұйымдармен интеграциялану мүмкіндігіне ие. Ол үшін КО-ның ережелері ДСҰ ережелеріне қарама-қайшы келмеуі қажет. Демек, КО-ның құрылуы одаққа мүше мемлекеттердің ДСҰ-ға кіру мәселесімен тікелей қатысты.

Дүниежүзілік сауда ұйымы

ДСҰ 1995 жылы 1 қаңтарда халықаралық сауданы ырықтандыру мақсатында өз қызметін

бастаған болатын. Ұйым жас болғанымен, көпжақты сауда жүйесін қалыптастырған ГАТТ (1947 ж.) мирасқоры болып табылады. ГАТТ-тың қызмет аясы тарифтерді реттеу болса, ДСҰ-ның реттеу аясы кеңейіп, қызмет көрсету, зияткерлік меншік және ауылшаруашылығы сияқты салалары кіреді. ДСҰ-ның ережелері оған мүше мемлекеттердің келіссөздері нәтижесінде анықталған. Қазір қолданыстағы келісімдер пакеті ГАТТ-ты қайта қарау нәтижесінде, яғни Уругвай раунды (1986-94) деп аталатын көпжақты сауда келіссөздері кезінде қабылданған. ДСҰ-ның негізгі келісімдері Тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісім (ГАТТ 1994), Қызмет көрсету саудасы жөніндегі Бас келісім (ГАТС), Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері бойынша келісімдері тауар, қызмет көрсетуді және зияткерлік меншік салаларын реттейді.

Қазіргі таңда әлемдегі 193 мемлекеттің 159 мемлекеті ДСҰ-ға (02.03.2013 ж.) мүше, ал жиырмадан астам мемлекет ДСҰ-ға кіру жолын таңдауда [2]. Мемлекеттердің ұйымға мүше болу талпынысы жаһандану үдерісіне олардың өздігінен қарсы тұра алмау себебінен туындап отыр. Бұл үдеріске қарсы тұру жабық экономика және экономиканың артта қалуына пара-пар құбылыс.

ДСҰ-ға мүше болудың артықшылықтарын төмендегідей санамалап беруге болады:

- Экономикалық қатынастардағы тұрақтылық: ДСҰ мүшелерімен сауда қатынастары жолға қойылады, тікелей шетелдік инвестициялар тартылады. Тікелей шетелдік инвестициялар тек қаржылық жағынан ғана тиімді емес, сонымен қатар технология, менеджмент және жаһандық өндіріс, қоғамдық және жұмыс орындарының көбеюі сияқты әлеуметтік мәселелердің оң шешілуіне септігін тигізеді. Реттеу салаларының кеңеюіне байланысты мемлекеттер арасында туындаған дауларды ДСҰ шеңберінде шешу мүмкіндігі оған мүше мемлекеттердің өзара тиімді және халықаралық ынтымақтастықтың нығаюын қамтамасыз етеді.

- Тиімді экономикалық реформа: ДСҰ ережелері экономикалық реформаларды дұрыс жасау және мемлекеттердің сауда саясатының теңдестірілген түрін ұстануға бағдар береді. Мемлекеттер бір жақты мүдделі топтардың іс-әрекетінен экономикалық зардап шекпес үшін ДСҰ ережелері қорғаныс қызметін

атқару қабілетіне ие. Сонымен қатар сауда квоталарымен күресу жолында, сауданы жақсарту мақсатында айқындық пен анықтық принциптерін дамыту, жемқорлықты азайтуға жәрдемдеседі.

- Тиімділік пен инновацияға негізделген ұзақ мерзімді даму: Барлық мемлекеттерге бірдей сауда ережелері арқылы дискриминацияламау принципін, сауда саясаты, сондай-ақ сауданы реттеу аясында нақты ережелерді қолдану арқылы айқындық принципін, саудаға жәрдем ету мақсатында жасалынатын шараларды жүзеге асыру арқылы сауданы жеңілдетіп, компаниялардың шығындарын азайту экономикалық тиімділікке жетелейді. Экономикалық жаһанданудың қозғаушы күші технология болғандықтан, болашақта озық идеялар мен инновациялық қарқынды даму экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан қомақты пайда әкеледі.

Нақты деректерге сүйенсек, мынадай жайттарды кездестіреміз. 1948 жылы, яғни ГАТТ-тың алғашқы құрылған кезеңінде дүниежүзілік тауар экспорты 59 млрд. АҚШ долларын құраған, 2011 жылы дүниежүзілік тауар экспорты 11,816 млрд. АҚШ долларына [3] дейін артқан. 1948 жылы коммерциялық қызмет көрсетудің дүниежүзілік экспорты болар-болмас болса, 2011 жылы 4,170 млрд. АҚШ долларына [4] жетті. Дүниежүзілік тауар және қызмет көрсету саудасының ЖІӨ-ге арақатынасы экономикалық жаһанданудың негізгі көрсеткіші болып табылады [5]. 1950 жылы тауар және қызмет көрсету экспорты ЖІӨ-нің 8%-ы [5] болса, 2011 жылы тауар және қызмет көрсету экспорты ЖІӨ-нің 29%-ын [6] құраған. Сонымен қатар дүниежүзілік саудадағы дамушы мемлекеттер мен аймақтардың үлесі күннен-күнге еселеп артуда. Демек, экономикалық жаһанданумен бірге жүретін тікелей шетелдік инвестициялардың да үлесі күн санап көбеймек. Мәселен, 1982 жылы 59 млрд. АҚШ доллары болса [5], 2011 жылы 1524 млрд [7] АҚШ долларына дейін өскен. Шетелдік бөлімшелерде дүниежүзілік жұмыспен қамту 1982 жылы 21.5 млн [5], 2011 жылы 69 млн [7] жұмыс орнын құрайды.

ДСҰ-ға мүше мемлекеттер экономикалық қатынастардағы тұрақтылық, тиімді экономикалық реформа және инновацияға негізделген ұзақ мерзімді даму сияқты артықшылықтарға ие. Алайда аталған артықшылықтар барлық

мүше елдерге бірдей берілмейді, мемлекет пен ДСҰ арасындағы келісілген шарттар негізінде жүзеге асырылады. Сондықтан ДСҰ-ға кірудің басты тиімділігі мемлекеттің ұйымға кіру шарттарының жетілдірілгендігіне тікелей тәуелді болмақ.

Кеден одағы және Дүниежүзілік сауда ұйымы

Әлем сахнасында КО-ның құрылуы, халықаралық қауымдастыққа мәлім болғанымен, оның ДСҰ-ға кіретіндігі жайлы мәлімдеме ресми тұлғаларды біраз әбігерге салып, абдыратып тастауы, сайып келгенде, күрмеуі көп мәселелерді халықаралық құқық жағынан анықтауды әлі де болса қажет етіп отырғанын айғақтай түседі.

ДСҰ-ның құрылуы туралы Марракеш келісімінің (ДСҰ келісімі) XII бабына сәйкес кез келген мемлекет немесе сыртқы саудасын жүргізуде және басқа да мәселелерді шешуде толық автономияға ие болатын бөлек кеден территориясы келісімге келісілген шарттар негізінде қосыла алады.

Бұл ереженің қайнар көзі ДСҰ-ның көш бастаушысы – ГАТТ ережелерінен алынған. Бірақ ДСҰ келісіміне қарағанда ГАТТ-қа сәйкес ұйымға мүше болу екі бап негізінде – ГАТТ XXXIII және ГАТТ XXVI (5) с) жүзеге асырылады. ГАТТ XXXIII бабы бойынша үкімет немесе сыртқы саудасын жүргізуде және басқа да мәселелерді шешуде толық автономияға ие болатын бөлек кеден территориясының атынан әрекет ететінін үкімет келісімге қосыла алады. Ал ГАТТ XXVI(5) с) бабы бойынша территориялардың және бөлек кеден территорияларының ұйымға кіруі осы территория үшін халықаралық жауапты метрополия мемлекетінің кепілдігі арқылы ғана мүмкін болатын. Бірақ уақыт өте келе өзге елдің кепілдігі арқылы ұйымға мүше болу мүмкіндігі біржолата жойылып, бөлек кеден территориялары өздігінше ұйымға кіре алатын болды.

Нақтырақ айтсақ, ДСҰ-ға Кеден одағы құрамында кіру үшін «өз сыртқы саудасын жүргізуде толық автономияға ие болатын бөлек кеден территориясы» болуы қажет. Ал бұл анықтамаға сәйкес болу үшін бірнеше талаптар қойылады:

Біріншіден, «кеден территориясы» болуы қажет. ГАТТ XXIV бабына сәйкес кеден территориясы «басқа территориялармен сауданың елеулі бөлігінде бөлек тарифтер немесе басқа да сауда-

ны реттеу тәсілдерін қолданатын кез келген территория» болып табылады. Демек, кеден территориясы болуы үшін белгілі бір территорияның өзге территорияларға қатысты сауданың елеулі бөлігінде бөлек тарифтер немесе басқа да сауданы реттеу тәсілдерін қолдану қажет.

Екіншіден, «бөлек» кеден территориясы болуы қажет. Яғни мемлекеттен немесе басқа кеден территориясынан бөлек кеден территориясының бар болуы. ГАТТ 1947 бойынша бөлек кеден территориялары өз атынан басқа мемлекеттің әрекет етуі арқылы немесе демеушілік нәтижесінде ұйымға кіре алады. Ал «Бөлек» терминінің тарихи алғышарттары сол кездегі отарсызданып жатқан мемлекеттердің ГАТТ-қа қатысу мүмкіндігін берумен тікелей байланысты [8, 147 б.]. Мәселен, ГАТТ мүшелігін Гонконг Ұлыбританияның, ал Макао Португалия демеушілігімен ГАТТ XXVI (5) бабы негізінде қабылданған болатын. ГАТТ XXVI (5) (а) бабы бойынша келісімді қабылдаушы әр үкімет оны метрополия территориясы мен халықаралық жауапты барлық басқа территориялары үшін қабылдайды. Ал ГАТТ XXVI(5) (с) бабы бойынша өз сыртқы саудасын жүргізуде толық автономияға ие кез келген кеден территориясы жауапты уағдаласушы тараптың декларация ұсынуынан кейін уағдаласушы тарап болып есептеледі делінген. Бұл ережелер жалпы ГАТТ-қа мүше мемлекеттердің бұрынғы боданы болған, сонымен қатар егемендік алған елдер үшін ғана қолданысқа ие.

Бөлек кеден территориясының ГАТТ-қа кіруі ГАТТ XXXIII бабы негізінде жүзеге асырылады. Мәселен, Тайвань бодан ел болмағандықтан, ГАТТ-қа кірудің заңды негізін ГАТТ XXXIII бабы деп нақтылап, 1990 жылы «өз сыртқы саудасын жүргізуде және басқа да мәселелерді шешуде толық автономияға ие болатын бөлек кеден территориясының атынан әрекет ететін үкімет» ретінде ГАТТ-қа кіруге өтініш жасаған. Бірақ «бір Қытай» қағидасына сәйкес Қытай Халық Республикасы (ҚХР) Тайваньның ГАТТ-қа кіруіне қарсы болды. ҚХР-дың ұстанымы бойынша Тайвань Қытайдың провинциясы, ол тек қана Макао мен Гонконг сияқты ерекше экономикалық аймақ қана бола алады, сондықтан Тайваньның ҚХР-дың растауынсыз бөлек кеден территориясы ретінде ГАТТ-қа кіру өтінішін де юре заңды күші жоқ деп есептеді. Қытайдың ГАТТ мүшелігін қалпына келтіргеннен кейін

ғана Тайвань ГАТТ-қа қосылу мүмкіндігіне қол жеткізе алады деді. ГАТТ-қа мүше мемлекеттер Қытайдың ұстанымымен келісіп, Тайваньның бөлек кеден территориясы ретінде кіре алмайтындығын, сонымен бірге ұйымға Қытай қосылмайынша мүшелікке алынбайтындығын мәлімдеген болатын.

1990 жылы ГАТТ-қа кіре алмағанымен, 1994 жылы ДСҰ құрылғаннан кейін Тайвань ұйымға Маракеш келісімінің XII бабы негізінде, 2002 жылы Қытайдан кейін ДСҰ-ға кірді.

Тайваньның ГАТТ-қа ГАТТ XXXIII бабы негізінде бөлек кеден территориясы ретінде кіре алмауын кейбір мамандар ДСҰ-ның қызметін реттейтін талаптарының сәйкессіздігінен деп тұжырым жасайды [10, 1201 б.; 9, 41 б.]. Тайвань баждары мен заңдары, сондай-ақ сыртқы қарым-қатынастары ҚХР-дың құптауын қажет етпейді, сондықтан ГАТТ XXXIII бабына сәйкес Тайвань «кеден территориясы» және «өз сыртқы саудасын жүргізуде және басқа да мәселелерді шешуде толық автономияға ие» талаптарына сай келуі қажет. Тайвань ҚХР-дың немесе өзге елдің боданы болмағандықтан ГАТТ XXVI(5) с) бабы ұйымға кірудің заңды негізі бола алмайды. Мүмкін ҚХР және ГАТТ-қа мүше мемлекеттер Тайваньның «бөлек» талабына сай келмейді деп санаған шығар. Бірақ ғалымдар бұл қатынастар сауданы ғана қамтитындықтан Тайваньның халықаралық құқықпен танылмауының ГАТТ жүйесіне ешқандай қатысы жоқ деп пайымдайды [8, 149 б.; 10, 1201 б.]. Дәлірек айтсақ, Тайваньның бөлек кеден территориясы ретінде ГАТТ-қа кіре алмауы, сайып келгенде, ДСҰ ережелерінде сәйкессіздік бар екендігін дәлелдеп береді.

Бөлек кеден территориясы термині ГАТТ жүйесінде метрополия мемлекеттерінің бодандарына қолданылғанын ескерсек, аталмыш терминнің ДСҰ келісінде сақталуын қалай түсіндіруге болады деген сұрақтың туындауы заңды. Паренти бұл термин басқа кеден одақтарынан айрықша құқықтық субъектілікке ие болу талабына байланысты деп санайды [8, 147 б.]. Яғни құқықсубъектілігі бар автономиялы кеден территориясы бөлек кеден территориясы болып табылады дейді.

Аралық топтың бұл терминді түсіндіруіне келетін болсақ, еуропалық бірлестік – Сауда маркасы және географиялық сілтемелер ісінде ЕО-ның Кеден одағы екендігін мойындай оты-

рып, ол басқа мемлекеттен бөлек территория немесе басқа ДСҰ-ға мүше мемлекеттерінің халықаралық жауапкершілігіндегі бөлек территория болмағандықтан «бөлек» талабына сәйкес емес деп танып, ЕО-ны «бөлек кеден территориясы» болып табылмайды деп шешті [11].

Үшіншіден, бөлек Кеден одағы «өз сыртқы саудасын жүргізуде және басқа да мәселелерді шешуде толық автономияға ие» болу керек. Бұл критерийді БҰҰ-ның экономикалық және әлеуметтік кеңесі комиссиясы (ЭКОСОС) Бирма, Цейлон және Оңтүстік Родезияның ГАТТ-қа бөлек кеден территориясы ретінде кіру мәселесін қарастырған тұста белгілі элементтердің назардан тыс қалмауын тұжырымдаған болатын. Қазіргі таңда бұл элементтерді төмендегідей талдауға болады: а) территорияның басқа мемлекеттің немесе бөлек кеден территориясының келісімінсіз тарифтер мен қызмет көрсету міндеттерін бекіту немесе өзгерту қабілеттілігі; б) территорияның басқа мемлекеттің немесе бөлек кеден территориясының ұсынысынсыз ДСҰ-ға кіруге өтініш беру қабілеттілігі [8, 148 б.].

Мұнда «қабілеттілік» ұғымы бөлек кеден территориясының өз құқықтық құрылымына сәйкес жоғарыда көрсетілген шараларды қабылдауға құқықтық қабілеттілігін білдіреді. Ал «басқа субъектілердің ұсынысынсыз немесе келісімінсіз әрекет ету қабілеттілігін» нақты түсіну үшін, мәселен, ЕО-ны қарастыруға болады. ЕО сауда мәселелерін шешуде құзыреті бар, бірақ ЕО-ның тауар саудасын реттеуде ғана толық құзыретке ие, ал қызмет көрсету саудасы мен зияткерлік меншік құқығын реттеу үшін оған мүше мемлекеттердің бірауыздан келісімі қажет. Яғни ЕО оған мүше мемлекеттердің келісімінсіз аталған мәселелер бойынша шешім қабылдай алмайды. Ортақ келісімге келгеннен кейін барып қана бірауыздан, яғни көпшілік дауыс беру нәтижелеріне қарамастан ол шешім барлық территорияда қолданысқа ие. Паренти «келісім және ұсыныс» термині тар мағынасында шешім қабылдау құрылымына қарамастан, тарифтер мен қызмет көрсету міндеттері туралы кез келген шешім бөлек кеден территориясында міндетті болады деп түсіндіреді [8, 149 б.].

Осы элементтерді қарастыра отырып, ЕО-ның «басқа субъектілердің ұсынысынсыз немесе келісімінсіз әрекет ету қабілеттілігі» болмағандықтан «өз сыртқы саудасын жүргізуде және басқа да мәселелерді шешуде толық

автономияға ие» талабына сай келмегендіктен, ЕО бөлек кеден территориясы болып саналмайды. Яғни кеден территориясы болғанымен де, ЕО «бөлек» және «толық автономияға ие» талаптарына сай келмегендіктен, бөлек кеден территориясы ұғымына лайық емес.

Ал КО басқа территориялармен сауданың елеулі бөлігінде бөлек тарифтер немесе басқа да сауданы реттеу тәсілдерін қолдану тұрғысынан қарағанда кеден территориясына қойылатын талапқа сай.

Ал «бөлек» термині мен бөлек кеден территориясы басқа кеден территорияларынан заңдық тұрғыдан айрықша кеден территориясы деген ғалымдардың тұжырымына жүгінсек, онда КО бөлек кеден территориясы деп санауға негіз бар. Өйткені КО басқа кеден территорияларынан өзінің құрылымдық жағының өзгеше болуы «бөлек» кеден территориясы талабына лайық. Бірақ аралық топтың пайымдауынша, «бөлек» термині басқа мемлекеттен бөлек территория немесе басқа ДСҰ-ға мүше мемлекеттердің халықаралық жауапкершілігіндегі бөлек территория деген ұғымды білдіреді дейді. Ал КО мемлекеттен бөлек территория болып саналмайды, өйткені КО территориясы оған мүше мемлекеттердің территориясынан құралған. Сонымен қатар басқа ДСҰ-ға мүше мемлекеттердің халықаралық жауапкершілігіндегі бөлек территория болып есептелмейді, сондықтан КО «бөлек» талабына сай емес.

«Өз сыртқы саудасын жүргізуде және басқа да мәселелерді шешуде толық автономияға ие» талабына сай екендігін дәлелдеу үшін КО-ның ұлтүстілік органы еуразиялық экономикалық комиссиясының құзыретіне барлау жасайық. Еуразиялық экономикалық комиссия туралы келісімнің (Келісім) 1-бабына сәйкес комиссия тұрақты әрекет ететін «реттеуші орган» болып табылады. Комиссияның негізгі міндеті – КО мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің (БЭК) жұмыс істеуі, сондай-ақ даму жағдайларын қамтамасыз ету шеңберіндегі экономикалық интеграция саласында ұсыныстар әзірлеу.

Эксперттердің айтуынша, КО тек тауарларға ортақ сыртқы тарифтер қолданушы ғана емес, бірегей кеден территориясы ретінде зияткерлік меншік, қызмет көрсету, тарифтік емес барьерлер, денсаулық сақтау және қауіпсіздік саласында бірегей сауда саясатын іске асырушы [12]. КО-ның келісінде комиссияның қызмет ету

саласының кең ауқымды қамтитыны айрықша атап көрсетілген. Комиссия өз қызметін КО мен БЭК халықаралық шарттарында көрсетілген өкілеттіктер аясында: кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу, кедендік әкімшілендіру, техникалық реттеу, санитарлық, ветеринарлық және фитосанитарлық шаралар, кедендік әкелу баждарын есепке алу және бөлу, үшінші елдерге қатысты сауда режимін белгілеу, сыртқы және өзара сауда статистикасы, макроэкономикалық саясат, бәсекелестік саясат, өнеркәсіп және ауылшаруашылығы субсидиялары, энергетикалық саясат, табиғи монополиялар, мемлекеттік және муниципалдық сатып алулар, өзара қызметтер саудасы және инвестициялар, көлік және тасымалдаулар, валюталық саясат, зияткерлік қызмет нәтижелері мен тауарлар, жұмыстар және қызметтерді дараландыру құралдарын күзету және қорғау, еңбек көші-қоны, қаржы нарықтары (банк саласы, сақтандыру саласы, валюта нарығы, бағалы қағаздар нарығы) салаларында жүзеге асырады. Бірақ қызмет ету саласы кең көлемді болғанына қарамастан, Еуразиялық экономикалық одақтың институционалдық құрылымы бастапқы құрылу сатысында болғандықтан құзыреті шектеулі [13, 15 б.].

Келісімнің 6-бабына сәйкес комиссия КО мен БЭК-тің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыратын халықаралық шарттардың іске асырылуын қамтамасыз етеді, осы шарттардың депозитарийі қызметтерін атқарады. Дегенмен шарттардың іске асырылуын қамтамасыз ету, мониторинг жасаудың шынайы тетіктері осал болғандықтан [13, 14 б.] аталмыш қызмет түрі толыққанды жүзеге аспай жатыр.

Келісімнің 5-бабына сәйкес комиссия КО-ға мүше мемлекеттерге міндетті шешімдер қабылдай алатын тәуелсіз орган, сондықтан комиссия құрамына үкімет басшысының орынбасарлары немесе үкімет мүшелері кіретіндігін ескере отырып, комиссияны іс жүзінде үкімет басқарады деп топшылауға әбден болады.

Шешім қабылдау үдерісінде комиссия алқасы 2/3 көпшілік дауыспен немесе консенсус негізінде шешімдерді қабылдайды. Комиссия шешім қабылдауы үшін мүше мемлекеттердің келісімі қажет, ал бұл «басқа субъектілердің ұсынысынсыз немесе келісімінсіз әрекет ету қабілеттілігі» талабына қайшы келеді.

Комиссияның жұмысын зерделей келе, Комиссия де юре тәуелсіз орган болып есептелген-

мен, іс жүзінде үкіметтермен басқарылуы оның да факто тәуелсіз орган болып табылмайтындығын көрсетеді деген қорытынды жасауға болады. Бұл өз кезегінде КО-ның «өз сыртқы саудасын жүргізуде және басқа да мәселелерді шешуде толық автономияға ие» талабына сай еместігінің дәлелі.

Қорытындылай келе, КО «бөлек» және «өз сыртқы саудасын жүргізуде және басқа да мәселелерді шешуде толық автономияға ие» талаптарына сай келмегендіктен, ДСҰ ұғымында бөлек кеден территориясы болып саналмайды. Басқа бөлек кеден территориялары халықаралық жауапты метрополия мемлекетінің кепілдігі негізінде, бөлек кеден территориясы ұғымының талаптарына сай келгендіктен мүше деп танылса, қазіргі таңда тек мемлекеттер немесе бөлек кеден территориялары ғана ДСҰ-ға кіру мүмкіндігіне ие. КО бөлек кеден территориясы талаптарына сай келмегендіктен ДСҰ келісімінің XII бабына негізінде өз сыртқы саудасын жүргізуде және басқа да мәселелерді шешуде толық автономияға ие болатын бөлек кеден территориясы ретінде келісімге қосыла алмайды. Сонымен қатар В. Путиннің ДСҰ-ға Кедендік одақ құрамында кіру жайлы хабарламасы келіссөз жүргізуші серіктестері мен эксперттерді таңғалдыруының түпкі себебі осында жатыр деген қорытынды жасауға болады.

Қорытынды

ДСҰ келісімінің XII бабы мен ГАТТ-тың XXXIII және XXVI(5) с) баптарына зер сала отырып, жасалған тәжірибелер мен аралық топтар және апелляциялық органның түсіндіруін ескере келе, КО «бөлек» талабына және «өз сыртқы саудасын жүргізуде және басқа да мәселелерді шешуде толық автономияға ие» талабына сай келмегендіктен бөлек кеден территориясы болып саналмайды деген қорытынды жасадық.

Кеден одағы мен бөлек кеден территориясы терминдері арасында техникалық айырмашылықтар болғандықтан, ДСҰ келісімінің XII бабы негізінде ДСҰ-ға мүше болу үшін Кеден одағы болу жеткіліксіз, бөлек кеден территориясы болу қажет.

Сауда дипломаттары КО-ның ДСҰ-ға кіру мүмкіншілігіне қатысты әр түрлі пайымдаулар жасады. Біреулері ДСҰ-ға Кеден одағының кіруін реттейтін ереже мен прецедент болмауы салдарынан КО ДСҰ-ға кіре алмайды десе, екіншілері оған мүше мемлекеттердің шешімі бойынша КО құрамында ДСҰ-ға кіру мүмкіндігі бар деген ойын алға тартты. Ресейдің ДСҰ-ға кіруі жайлы жұмыс тобының басшысы С. Йоханессонның айтуынша, КО-ның ДСҰ-ға кіру мәселесі оған мүше мемлекеттер шешіміне тікелей байланысты [12]. Егер оған мүше мемлекеттер КО ДСҰ келісімінің XII бабы негізінде ДСҰ-ға кірсін деген шешім шығарса, КО ДСҰ-ға кіру мүмкіндігіне ие болатын еді.

Қорытындылай келе, КО ДСҰ келісімінің XII бабы негізінде бөлек кеден территориясы талабына сәйкес келмегендіктен бөлек кеден территориясы ретінде ДСҰ-ға кіре алмайтындығы анық. Ал кеден одағының ДСҰ-ға кіру прецедентінің болмауы, сонымен қатар оны реттейтін ереженің де жоқтығы – оның мүше ретінде кіре алмайтындығының айқын дәлелі. Дегенмен кеден одағы ретінде кіру оған мүше мемлекеттердің шешімі негізінде мүмкін болар еді. Бірақ оған мүше мемлекеттердің КО құрамында ДСҰ-ға кіре алмайды деген соңғы әрі нақты байламы КО-ның ДСҰ-ға кіруіне соңғы нүктесін қойды. Сондықтан ДСҰ-ға мүше болу әр мемлекеттің өз бетінше және Сондықтан ДСҰ-ға мүше болу әр мемлекеттің өз бетінше кіруінен кейін Кеден одағын құру нәтижесінде ғана мүмкін болады.

Әдебиеттер

- 1 Лихачев А.Е. Таможенный союз России, Белоруссии и Казахстана: история, современный этап и перспективы развития//Российский внешнеэкономический вестник. – №6 (июнь). – 2010. – С.4-23. – С.6.
- 2 Members and Observers – World Trade Organization. http://www.wto.org/english/thewto_e/whatis_e/tif_e/org6_e.htm#observer.
- 3 World merchandise exports by region and selected economy, 1948, 1953, 1963, 1973, 1983, 1993, 2003 and 2011. http://www.wto.org/english/res_e/statis_e/its2012_e/section1_e/i05.xls.
- 4 World trade in commercial services by category, 2011. http://www.wto.org/english/res_e/statis_e/its2012_e/section3_e/iii01.xls.

- 5 Van den Bossche P. The Law and Policy of the World Trade Organization. Text cases and materials. – 2nd ed. Cambridge, 2008. – 917 p.
 - 6 World Bank. http://ddp-ext.worldbank.org/ext/ddpreports/ViewSharedReport?REPORT_ID=9147&REQUEST_TYPE=VIEWADVANCED
 - 7 Global Investment Trends. <http://www.unctad-docs.org/files/UNCTAD-WIR2012-Chapter-I-en.pdf>.
 - 8 Parenti A. Accession to the World Trade Organisation: A Legal Analysis // Legal Issues of Economic Integration 27(2). – 2000. – P.141–157.
 - 9 Абдыкадилов М. К вопросу о коллективном вхождении в ВТО // Закон и время №08 (140). – 2012. – С.39-43.
 - 10 Hsieh P.L. Facing China: Taiwan's Status as a Separate Customs Territory in the World Trade Organization// Journal of World Trade 39(6). – 2005. – P.1195-1221.
 - 11 Panel Report, EC — Trademarks and Geographical Indications (US), paras. 7.162-7.167.
 - 12 Lynn J. WTO in confusion after Russia customs union plan. <http://www.reuters.com/article/2009/06/18/us-trade-wto-russia-analysis-idUSTRE55H18920090618>
 - 13 Blockmans S., Kostanyan H. & Vorobiov I. Towards a Eurasian Economic Union: Integration and cooperation// CEPS Special Report No. 75. – 2012. –P.1-32.
- References:**
- 1 Lihachev A.E. Tamozhennyj sojuz Rossii, Belorussii i Kazahstana: istorija, sovremennyj jetap i perspektivy razvitija// Rossijskij vneshnejekonomicheskij vestnik. №6 (ijun'). – 2010. – S.4-23. – S.6.
 - 2 Members and Observers – World Trade Organization. http://www.wto.org/english/thewto_e/whatis_e/tif_e/org6_e.htm#observer.
 - 3 World merchandise exports by region and selected economy, 1948, 1953, 1963, 1973, 1983, 1993, 2003 and 2011. http://www.wto.org/english/res_e/statis_e/its2012_e/section1_e/i05.xls.
 - 4 World trade in commercial services by category, 2011. http://www.wto.org/english/res_e/statis_e/its2012_e/section3_e/iii01.xls.
 - 5 Van den Bossche P. The Law and Policy of the World Trade Organization. Text cases and materials. – 2nd ed. Cambridge, 2008. – 917 p.
 - 6 World Bank. http://ddp-ext.worldbank.org/ext/ddpreports/ViewSharedReport?REPORT_ID=9147&REQUEST_TYPE=VIEWADVANCED
 - 7 Global Investment Trends. <http://www.unctad-docs.org/files/UNCTAD-WIR2012-Chapter-I-en.pdf>.
 - 8 Parenti A. Accession to the World Trade Organisation: A Legal Analysis// Legal Issues of Economic Integration 27(2). – 2000. – P.141–157.
 - 9 Abdykadirov M. K voprosu o kollektivnom vhozhenii v VTO// Zakon i vremja №08 (140). – 2012. – S.39-43.
 - 10 Hsieh P.L. Facing China: Taiwan's Status as a Separate Customs Territory in the World Trade Organization// Journal of World Trade 39(6). –2005. –P.1195-1221.
 - 11 Panel Report, EC – Trademarks and Geographical Indications (US), paras. 7.162 – 7.167.
 - 12 Lynn J. WTO in confusion after Russia customs union plan. <http://www.reuters.com/article/2009/06/18/us-trade-wto-russia-analysis-idUSTRE55H18920090618>
 - 13 Blockmans S., Kostanyan H. & Vorobiov I. Towards a Eurasian Economic Union: Integration and cooperation// CEPS Special Report No. 75. – 2012. –P.1-32.